

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

« 8 » 04 2023ж.

Қатысқандар:

Кеңес мүшелері:

М.Ж.Адамина- кеңес төрағасы

Э.О.Біржікен- кеңес хатшысы

Қ.Н.Бейсенов- кеңес мүшесі

Г.И.Жайлыбаева- кеңес мүшесі

Е.Р.Кирбасов –кеңес мүшесі

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру
2. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы М.Ж.Адамина тыңдалды. Педагогикалық этика 2023 жылға арналған кеңес жоспарымен таныстырып өтті.

Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, ҚР БҒМ 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығын басшылыққа алу арқылы, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алатындығына тоқталды

Сөз сөйледі:

Е.Р.Кирбасов:

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және қажеттілігіне қарай жоспардан тыс отырыс өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Қ.Н.Бисенов:

Жылдық жоспарда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және оны бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған іс-шаралар жоспары қарастырылған.

Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу педагогикалық кеңестің басты міндеті болып табылады.

Сол себепті кеңестің жұмыс тәртібінің алға қойған мақсат міндеттерінің орындалуын қатаң бақылауға алу қажет.

Қаулы етті: жылдық жоспарда қарастырылған іс-шаралар жоспары жыл бойына толықтай орындалсын.

Кеңестің жұмыс тәртібінің алға қойған мақсат міндеттерінің орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

2. Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі, Қанат Назарбаевич Бисенов тыңдалды.

Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады.

Баланың тәрбиесінде педагог пен ата – ананың арасындағы қарым қатынас өте маңызды фактор болып табылады. Отбасы мен мектептің өзара әрекеті мақсаттары, формалары мен әдістері келісу үшін бірлескен қызмет процесі өзара тығыз қарым-қатынас жасау кезінде анықталады. Ең бастысы қарым – қатынаста оқушының дамуына, жігерленуіне, белсенділігіне үлкен мән беру, бір – бірімен өте сыйлы қарым – қатынаста болу маңызды. Мұғалім ата-анамен жылы, өзін ыңғайлы сезіне алатындай қарым – қатынаста болуы қажет. Ата – ана мен мұғалім арасындағы жақсы қарым – қатынастың нәтежесінде бала өзін сырттай бақылап, өз сезімдерін, эмоцияларын ретке келтіріп, оларды басқара

алуға талпыну қажет. Ата – ана мен ұстаз қарым – қатынасының берік болуы, ата – ананың әрдайым баламен жұмыс жасауы оқушының мектептегі өміріне үлкен әсерін тигізеді.

Сөз сөйледі:

М.Ж.Адамина:

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Ата-анамен қарым-қатынаста педагог ең алдымен педагогикалық әдепті сақтай отырып, дұрыс байланыс орната білуі керек деп ойлаймын.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс.

Е.Р.Кирбасов:

Ұстаз әрқашан ұстаз қалпында қалуы қажет, сырт келбеті, өзін-өзі ұстауы шәкірттерге үлгі болуы тиіс. Сол себепті де жоғарыда айтылған әріптестер сөзіне толықтай қосыламын. Ұстаз, ата-ана және оқушы болып тығыз қарым-қатынас жасасак, әрине бірнеше асуларды оңай өткереріміз анық. Мектеп үшін ата-анамен мықты қарым-қатынас жасау басты міндеттердің бірі десек те болады. Сол себепті оқушымен ата-ана ұстаз арасындағы қарым-қатынасты әдептік нормаларға сай асыра отырып, ары қарай нығайтуға ықпал етсек игі іс болары анық.

Қаулы етті:

Педагог және ата-ана арасындағы әдеп нормалары үнемі сақталсын. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті үнемі назарға алынсын. Аталған сұрақ педагогтердің үнемі назарына алынсын және бұзушылыққа жол берілмеуі бақылауға алынсын.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Еркебулан Рымбекович Кирбасов тыңдалды:

Педагог тек мұғалім, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды

шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болу тиіс.

Сөз сөйледі:

Г.И.Жайлыбаева:

Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.


К.Н.Бисенов:

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір мұғалім мәртебесі қоғам назарында, сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Қаулы етті:


«Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, ҚР БҒМ 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығы басшылыққа алынсын. Педэтика нормалары педагогтер арасында қатаң сақталсын.

Хатшы:



Э.О.Біржікен

Төраға:



М.Ж.Адамина

Нөмірленген және баумен байланған
4 (мәтін) бет
Педагогикалық кеңес төрағасы

Арашова